

Қызы мен ұлына  
Сыйлық алып келеді  
/Аяз Ата/

**Тәрбиеші:** Балалар, енді жаңа жылдық мерекемізге Аяз атаны шақырайық.  
Ол орманда жүріп адасып кеткен болар.

Балалар: Аяз Ата! Аяз Ата! - деп айғайлап шақырады.  
Есіктің сыртынан дауыстар естіліп, іле - шала залға Аяз Ата мен Ақшақар кіреді. Аяз Ата Ақшақарды қолынан тартып, жетелейді, ол кіргісі келмейді.  
Ақшақар: Ата жіберіңізші мені! Кірмеймін мұнда, үйге кетемін.  
Аяз Ата: Айналайыным - ау, не болып қалған саған, ауырып қалған жоқсың ба есі?

Ақшақар Жок, жок. Ауырып тұрған жоқпын. Ешқайда да барғым келмейді, үйге қайтамын.

Аяз Ата: Қызым - ау, не айтып тұрсын!

Қарашы, біз тойға келдік!

Кәне, балалармен амандасайық.

Аяулы аналарға, ардақты ұл - қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерін,

Қандай әсем жырларын

Асаулармен алысқап,

Асау желмен жарысқан

Аталарын сендерге

Шаршап келді алыстан

**Қыздар би «Шырша»**

**Тақпақтар**

/Балалармен амандасады/

Аяз Ата: Рахмет, рахмет балаларым! Қанекей қызым! Қонақтардан, ұят болды, басынды көтер/. Ақшақар басын көтермей тұрады/.

Аяз Ата: Қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шыршада әсем безендірілген екен. Бәрі де тым сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық,

Жаңа жыл тойын ашайық.

/Сол кезде Ақшақар жылап тұрып/

Ақшақар: Мен шырша шамын жағатын, сиқырлы таяғымды жоғалтып алдым!  
Аяз Ата оны жұбатып тұрып: қазір мен - ақ өзімнің таяғыммен жағамын немесе балалар бір тақпақ айтып беріндерші.

Ақшақардың сәні бар,

Балалардың әні бар.

Жылы жылы келгенде,

Қуанышка батыңдар.